

## Тұрақты даму жөніндегі ұлттық кеңес мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 3 қараша N 3723.  
Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын орындау үшін қаулы етемін:

#### 1. Мыналар бекітілсін:

- 1) Тұрақты даму жөніндегі Ұлттық кеңес туралы ереже (қоса беріліп отыр);
- 2) Тұрақты даму жөніндегі ұлттық кеңестің құрамы (қоса беріліп отыр).

#### 2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Жоғары экономикалық кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 2946 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж, N 15, 117-құжат);

2) Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 7 ақпандағы N 3350 Жарлығы "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің мәселелері" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 51, 34-құжат).

#### 3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 7                      ж ы л ғ ы                      3                      қ а р а ш а д а ғ ы

N                      3 7 2 3                      Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

### **Тұрақты даму жөніндегі ұлттық кеңес туралы ЕРЕЖЕ**

#### **I. Жалпы ережелер**

1. Тұрақты даму жөніндегі ұлттық кеңес (бұдан былай - Кеңес) "Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығына сәйкес құрылған Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

## **II. Кеңестің негізгі міндеттері**

3. Кеңестің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының іске асырылуын бақылау;

2) үш жақты мақсатқа: елдің экономикалық өсіп-өркендеуіне, тиімді табиғат пайдалану мен әлеуметтік әділеттікке қол жеткізуге бағытталған елдің тұрақты дамуының ауқымды проблемаларын талқылау;

3) халық шаруашылығы тармақтарының, аймақтарының және аяларының даму тұжырымдамаларын, елдің экономикалық қауіпсіздігі проблемаларын қарау;

4) экономика реформалау мен стратегиялық ресурстарды тиімді пайдаланудың өзекті проблемаларын талқылау, Қазақстан Республикасының Президенті үшін инновациялық экономикалық және экологиялық ұсынымдардың ықтимал бағыттары бойынша ұсыныстар даярлау.

## **III. Кеңес құрамы**

4. Кеңес құрамына Кеңестің Төрағасы, Төрағаның орынбасары мен мүшелері кіреді.

5. Қазақстан Республикасының Президенті Кеңестің Төрағасы болып табылады. Кеңес Төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды. Кеңес отырыстарының күн тәртібін бекітеді және оларды төрағалық етеді.

6. Кеңес Төрағасының орынбасары Кеңес қызметінің ұйымдастырылуы үшін жауап береді және Кеңес Хатшылығына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

7. Кеңес Төрағасының орынбасары Мемлекет басшысының тікелей басшылығымен жұмыс істейді.

8. Материалдық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етілу жағдайы жөнінен Кеңес Төрағасының орынбасары Қазақстан Республикасы премьер-Министрінің орынбасарына теңестіріледі.

9. Кеңестің дербес құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

10. Кеңес мүшелері оның отырыстарына алмастыру құқығынсыз қатысады.

11. Егер Кеңес отырысына оның мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысып отырса ол құқылы болып табылады. Кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, әдетте, үш айда кемінде бір рет өткізіледі.

## **IV. Кеңестің өкілеттігі**

12. Кеңестің өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының



## Президентінің экономика

жөніндегі көмекшісі

### Кеңес мүшелері

Әблязов М.К. - "KEGOC" АҚ Президенті

Балғымбаев Н.Ө. - Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Бектасов Ә.А. - Қазақстан Республикасының  
Құнды қағаздар жөніндегі  
Ұлттық комиссиясының

төрағасы

Жандосов О.Ә. - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің Төрағасы

Ертілесова Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрінің орынбасары -

(Вице-Министр)

Есімов А.С. - Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің бірінші  
орынбасары - Инвестициялар  
жөніндегі мемлекеттік

комитет төрағасы

Коржова Н.А. - Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрі

Марченко Г.А. - Қазақстан Республикасы  
Президентінің кеңесшісі

Мұқашев С.О. - Қазақстан Кәсіподақтар  
Федерациясы Кеңесінің төрағасы

Нысанбаев Ә.Н. - Қазақстан Республикасы  
Ғылым министрлігі - Ғылым  
Академиясы Философия институ.  
тының директоры, Қазақ

энциклопедиясының бас редакторы

Оспанов М.Т. - Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы

Павлов А.С. - Қазақстан Республикасы Премьер-  
Министрінің орынбасары -  
Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Өтембаев Е.Ә.

- Қазақстан Республикасының  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар жөніндегі

агенттігінің төрағасы

Шәйкенов Н.А.

- Қазақ Мемлекеттік Әділет

университетінің ректоры

Шүкеев Ө.Е.

- "Туран-Әлем банк" ААҚ

Басқармасының төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК